ПАЙДАЛАНУШЫНЫҢ НҰСҚАУЛЫҒЫ

TECNO CD7
CAMON 15
АБОНЕНТТІК РАДИОСТАНЦИЯСЫ

4783407

СИПАТТАМАЛАРЫ МЕН ЖИЫНТЫҚТАЛУЫ

Сізге TECNO CD7 смартфонды таңдағаныыз және сатып алғаныңыз үшін алғыс білдіреміз, маркетингтік атауы – CAMON 15. TECNO CD7 CAMON 15 смартфоны GSM 900/1800 стандартты жылжымалы радиотелефондық байланыс жүйесі құрамында деректерді пакеттік жіберу режимін (B класты GPRS технологиясы) және сегіз жайғасымдық фазалық модуляциясы (EDGE технологиясы), UMTS 900/2000 стандарттары мен «төмен» сызығында (HSDPA технологиясы) және «жоғары» сызығында (HSUPA технологиясы), 802.11 b/g/n және 802.15 (Bluetooth) стандарттары, сонымен қатар деректерді жоғары жылдамдықты сымсыз жіберу стандарты (LTE- FDD) бар жоғары жылдамдықты пакеттік деректерге қол жеткізу режимін қолдайтын соңғы абоненттік құрылғы ретінде жұмыс істеуге арналған.

Сатып алынған өнімнің жиынтығына кіреді:

- ✓ Смартфон
- ✓ Зарядтау құрылғысы
- ✓ USB-кабелі
- ✓ Пайдаланушының нұсқаулығы
- ✓ Кепілдік талоны

Смартфонның негізгі сипаттамалары:

- ✓ GSM 900/1800 абоненттік радиостанциясы
- ✓ Bluetooth 5.0 қолдау
- ✓ 3G
- ✓ Wi-Fi a/b/g/n/ac 2.4/5 ГГц
- ✓ LTE B3/B7/B20
- ✓ Android 10 ОЖ нұсқасы

Зарядтау құрлығысының негізгі сипаттамалары:

- ✓ Құрылғының кіріс кернеуі: 100-240 В
- ✓ Ток күші – 500 мА
- ✓ Жиілігі – 50-60 Гц
- ✓ Шығыс кернеуі – 5 В
- ✓ Токтың шығыс күші – 2 А



Ескерту: жиынтықталым қосымша ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

ТЕЛЕФОНМЕН ЖҰМЫСТЫ БАСТАУ





Назар аударыңыз! Екі слоттың бір мезгілде жұмыс істеуі 3G/4G желіде қолданылмайды. 3G/4G желісінде жұмыс істеуге арналған SIM-карта мәзірден таңдалуы мүмкін. Нано-SIM алу үшін байланыс операторына жүгініңіз.

Назар аударыңыз! Жад картасы жеткізілім жиынтығына кірмейді және бөлек сатылады! Телефонның аккумуляорлық батареясы алынбайтын болып табылады! Оны өздігіңізден алып шығу талпыныстарыңыз құрылғының қайтымсыз бұзылуына әкелуі мүмкін!

Назар аударыңыз! SIM слотына:

- SIM-карталардың басқа типтерін орнатуға (соның ішінде адаптерлері барларды),
- SIM-карталардың қате жайғасымда орнатуға (бұрыштық қима жайғасымын қар.),
- басқа типтегі және өлшемдегі кесілген SIM-карталарды пайдалануға тыйым салынады.

Ережелерді сақтамау SIM слоттың бұзылуына және кепілді қызмет көрсетуден бас тартуға әкеледі.

РЕСМИ АҚПАРАТ

Орнатылған бөгде қосымшалардың барлық атаулары тіркелген сауда маркалары болып табылады. Құрылғыға үшінші тұлғалардың орнатылған сервистері жеке ақпаратқа қолжетімдік сұратуы мүмкін. Қызметтік деректер мобильді байланыс арқылы жіберуге болады. Осы ақпарат кепілдікті және бағдарламалық қамтымға лицензияны белсендіру үшін пайдаланылуы мүмкін. Бөгде қосымшалардың құпиялылық саясатымен мұқият танысыңыз.

TECNO CD7 CAMON 15 мобильді құрылғысы радиожиілік диапазонындағы сәулелену деңгейіне қойылатын халықаралық талаптарға сәйкес келеді. Сіңірудің меншікті коэффициентінің шекті мағынасы (SAR) 2,0 Вт/кг-нан аспайды. Қауіпсіз сәулеленудің рұқсат етілген шектерінің осы нормалары ICNIRP тәуелсіз ғылыми-зерттеу ұйымымен әзірленгеен болатын және адам денсаулығына зиян келтіру ықтималдығын жоққа шығарады.

Ұялы телефонның кейбір функциялары ұялы байланыс операторы көрсететін қызметтерге және баптауларына байланысты. Жеке функциялар операормен қоылуы немесе сндірілуі мүмкін, ал олардың қызмет ету диапазоны желі баптауларымен шектелуі мүмкін. Не ол, не бұл функциялардың қолжетімділігі мен құны туралы мәліметтерді ұялы байланыс операторынан нақтылауға болады.

TECNO CD7 бұйымының дайындалған күні аккумуляторлық батареяның астында орналасқан жапсырмада көрсетілген. Ол S/N сериялық кодтың алғашқы екі символымен көрсетілген, онда біріншісі – өндірілген жылы, ал екіншісі – дайындалған айы.

Бірінші символ – жыл:

I – 2019
J – 2020

Екінші символ – ай:

1 – қаңтар	5 – мамыр	9 – қыркүйек
2 – ақпан	6 – маусым	X – қазан
3 – наурыз	7 – шілде	Y – қараша
4 – сәуір	8 – тамыз	Z – желтоқсан

Зарядтау құрылғысының дайындалған күні кодтың соңғы алты символы түрінде жапсырмада көрсетіледі: XXX(ішкі жіктелу)ЖЖЖЖАА, онда ЖЖЖЖ – ол бұйымның дайындалған жылы, АА – дайындалған айы, ал КК – дайындалған күні. Аккумуляторлық батареяның дайындалған күні ЖЖЖ/АА/КК пішімінде көрсетіледі, бұл тиісінше өнімнің дайындалған жылын, айы мен күнін көретеді. Жабдықтың қызмет ету мерзімі оның сатылған күнінен бастап 2 жыл құрайды.

Бүкіл өткізілетін өнімнің сапа куәлігі бар, онда дайындаған кәсіпорынның атауы, соған сәйкестікте өндірілген нормативтік құжаттама, дайындалған күні мен өткізудің соңғы мерзімі көрсетіледі.

Бүкіл TECNO өнімі Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін және ЕАЭО аясында Кедекндік одақтың техникалық регламенттердің талаптарына сай сәйкестікке ресми растаудан өтті.

Назар аударыңыз!
Өндіруші осы құжатқа және өнімге өзгерістерді ескертусіз енгізу құқығын өзіне қалдырады. Осында келтірілген барлық ерекшелікер мен сиапттамалар өнімнің нақты ерекшеліктерінен және сипаттамаларынан өзгешеленуі мүмкін. Осы нұсқаулықты орындамау телефонның істен шығуына және одан әрі кепілді қызмет көрсетуді алып астауға әкелуі мүмкін.

КЕПІЛДІ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

Компанияның кепілдік міндеттемелері және тегін сервистік қызмет көрсетуі Қазақстан Республикасы аумағында өткізуге арналған және Қазақстан Республкасында сатып алынған TECNO өніміне қолданылады. Кепілдік қызмет көрсету шарттары туралы толығырақ ақпарат Сіз сатып алған өнім жиынтығындағы кепілдік қызмет кеөрсету туралы буклетте келтірілген.

«МТ-Сервис» компаниясы TECNO-ның авторланған сервистік орталығы болып табылады:
http://www.mtservice.ru/

TECNO авторизацияланған сервистік орталықтарының толық тізімі
http://www.mtservice.ru/service-centers сайтында қолжетімді

Назар аударыңыз!
Компанияның өнімі туралы толығырақ ақпарат мына сайттарда ұсынылған:
www.tecno-mobile.com/ru
www.facebook.com/TECNOMobileRussia
www.vk.com/tecnomobilerussia
www.instagram.com/tecnomobilerussia/

ПАЙДАЛАНУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Рөлді басқарғанда мобильді байланысты пайдалану ережелерін орындау қажет. Сөйлескен кезде «Hands-Free» функциясын пайдаалныңыз немесе машинаны тоқтатыңыз. Телефонның қауіпсіздік жастықтары жұмыс істейтін аймақта жайғасуы қауіпсіздік жастықтары іске қосылған жағдайда ауыр жарақаттарға әкелуі мүмкін.

Құрылғыны жоғары температуралардың, қысымның, жоғары ылғалдылықтың әсеріне ұшырату ұсынылмайды. Телефонды қатты соққыларға ұшыратпау қажет, бұл оның істен шығуына әкелуі мүмкін.

Мобильді телефонның сәулеленуі басқа байланыс құрылғылары үшін, соның ішінде әдеттегі телефондар, теле- және радиоқабылдағыштар, кеңсе жабдығы үшін кедергі себебіне айналуы мүмкін.

Телефонды және оның аксессуарларын қысқа толқынды пештерге орналастыруға тыйым салынады. Бұл күтілмеген салдарға, жабдықтың істен шығуынан бастап өртке дейін, әкелуі мүмкін.

Мобильді құрылғыларды ұшақтарда, емдеу мекемелерінде, жанармай құятын орындарда, химиялық өндірістерде және мобильді байланысты пайдалануға оларға сезімтал жабдық үшін кедергілер жасаумен немесе жанғыш материалдардың бар болуымен байланысты шектеулері бар басқа жерлерде пайдалану ережелерін сақтау қажет.

Құрылғыны және оның аксессуарларын (аккумуляторды) бөлшектеуге тыйым салынады. Бұл оның істен шығуына және аккумулятордың ағып кетуіне әкелуі мүмкін. *Телефонның аккумуляорлық батареясы алынбайтын болып табылады! Оны өздігіңізден алып шығу талпыныстарыңыз құрылғының қайтымсыз бұзылуына әкелуі мүмкін!*

Зарядтаған кезде телефонды бүркемеңіз. Бұл құрылғының артық қызуына және оның тұтануына әкелуі мүмкін.

Смартфонның сүйыққристалды дисплейін соққылардан сақтандырыңыз. Дисплей бұзылып, сұйыққристалды заттек көзге түскен жағдайда, көзді дереу сумен жуып-шаю және дәрігерге жүгіну қажет.

Сеносрлық экранды басқару үшін, үшкір заттарды пайдалану оның сынуына әкелуі мүмкін.

Мобильді телефонның сәулеленуі басқа байланыс құрылғылары үшін, соның ішінде әдеттегі телефондар, теле- және радиоқабылдағыштар, кеңсе жабдығы үшін кедергі себебіне айналуы мүмкін.

Тұпнұсқалық емес аккумуляторды пайдалану аккумулятордың ағып кетуіне немесе оның тұтануына әкелуі мүмкін.

Құрылғыны нұсқаулықта көрсетілген тәсілден өзгешеленетін тәсілмен ашуға тырыспаңыз. Телефонды өз бетіңізше жөндеу немесе авторланбаған сервистік орталықта жөндеу кепілдікке қайшы келеді.

Телефонды зарядтаған кезде оны жақсы желдетілетін үй-жайда, жеңіл тұтанатын және жарылыс қауіпі бар нысандардан алыстатып орналастыру қажет. Құрылғыны ылғалдылығы жоғары үй-жайларда (жуынатын бөлмелерде) зарядтамаңыз. Зарядтау құрылғысына су немесе басқа сұйықтық түскенде оны розеткадан дереу ажыратыңыз.

Розеткадағы лас пен шаң зарядтаудың қалыпты процесіне кедергі жасауы мүмкін. Зарядтау құрылығысынан шаңды сүртіп отыруды ұмытпаңыз.

Айнымалы токтың көрсетілген мәндерін пайдалануды сақтаңыз. Қате кернеу тұтануға, телефонның және зарялтау құрылғысының бұзылуына келуі мүмкін. Зарядтау құрылғысын тұйықтамаңыз. Қысқа тұйықталу электрлік шокқа, түтіннің пайда болуына және құрылғының бұзылуына әкеледі.

Өрттің немесе электрлік шоктың пайда болуына жол бермеу үшін, кабельдің көзге көрінетін бұзылулары болғанда зарядтау құрылғысын пайдаланбаңыз. Зарядтау құрылғысын бөлшектемеңіз және өзгертпеңіз.

Зарядтау құрылғысының кабеліне ауыр заттарды қоймаңыз. Розеткадан ажыратқанда, зарядтау құрылғысының блогынан ұстап тартыңыз. Кабельді ұстап тартпаңыз!

ТАСЫМАЛДАУ, САҚТАУ, КӘДЕГЕ ЖАРАТУ

Өнімнің тасымалдануы дайындаушы кәсіпорынның ыдысында көліктің барлық түрлерімен кез келген қашықтықтарға жүргізіледі. Телефондардың тасу, аудару, қайта тиеу, тасымалдау мен сақтау кезінде сақталуын қамтамасыз ету, сонымен қатар ішіндегіге қолжетімдік бермеу және жүкке, багажға немесе тасымалдаушы мүлкіне зақым келтіру ықтималдығын жоққа шығару мақсатында, өнім телефондардың бұзылудан, бүлінуден және жоғалудан қорғанысты қамтамасыз ететін ыдысқа, сыйымдылықтарға және басқа құрамбөліктер мен материалдарға қапталған болуы қажет.

Өнімнің ұзақ уақыт сақталуы қос ыдыста жүргізіледі: ішкі және сыртқы. Ішкі қаптама үшін арнайы қаптау қағазы немесе полиэтилен үлдірі пайдаланылады. Сыртқы ыдыс ретінде өндірушінің телефондар салынған өндірушінің түпнұсқалық қораптары пайдаланылады.

Абоненттік радиостанциялар және олардың жиынтықтауыштары мынадай климаттық жағдайларда сақталуы тиіс:

- қоршаған ортаның температурасы +5°С-ден +50°С дейін;
- +25°С-де ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80% дейін.

Абоненттік радиостанцияларды және олардың жиынтықтауыштарын тұрмыстық қоқыспен бірге кәдеге жаратуға тыйым салынады және кәдеге жаратудың арнайы пункттерінде жүргізіледі.

Назар аударыңыз!
Смартфонда енгізілген Google есептік жазба арқылы ұрлаудан қорғаныс іске асырылған: E-mail және құпиясөз. Осы деректерді сенімді жерде сақтап қайыңыз, олар бұдан әрі Сізге қажет болады. Осы деректерді жоғалту қосымша шығындарға әкелуі мүмкін.

Қытайда өнідірілген